

Семей мемлекеттік медицина университеті



БАЛАНЫҢ ЖҮЙКЕ ЖҮЙЕСІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ. ТУА БІТКЕН АВТОМАТИЗМ РЕФЛЕКСТЕРІ



Орындаған: Боранжанова
Г.

612 - топ

Тексерген : Берсимбекова Г.Б

Семей 2015 ж

Нерв жүйесінің негізгі функцияларына өскелең организмнің барлық физиологиялық процестерін реттеу, ішкі және сыртқы ортаның құбылмалы жағдайларына үздіксіз бейімдеу, үйлестіруі жатады. Орталық нерв жүйесінің негұрлым үдемелі дамуы ерте жастағы балаларда байқалады. Павлов И.В. Пікірінше нерв жүйесі қызметінің сипаты тұқым қуалаушылық факторлары және тәрбие жағдайларының бірлескен әсеріне байланысты.



Адамның ақыл – ой қабілетінің жалпы дамуы 50% өмірдің алғашқы 4 жылында, $\frac{1}{3}$ – төрт пен сегіз жастың арасында, қалған 20% - 8 бен 10 жастың арасында өседі. Сондықтан баланың ерте жасына неғұрлым үлкен ауыртпалық түседі. Осы кезеңдегі қолайсыз факторлар орталық нерв жүйесінің ауыр зақымдануына әкеледі.



- Мидың дамуы әркелкі жүреді. Бала туар алдында тек 25%, 6 айлық балаларда - 66%, 1 жасқа келгендерде – 90 - 95% нерв клеткалары қалыптасады.
- Жаңа туған балалардың бас миы салыстырмалы түрде үлкен. Сайлар мен қатпарларының дамуы өмірдің 1 жылының ішінде үдемелі жүреді. 5 жастан кейін бұл процесс жалғасады, бірақ даму қарқыны бәсеңдейді.
- Маңдай бөлігі ересектермен салыстырғанда біршама кіші, ал шүйде бөлігі керісінше үлкен болып көрінеді. Мишық нашар дамыған, сайлары беткей.





Нәрестелерде сұр заты нашар ажыраған. Қыртыс клеткаларының құрылымдық дамуы тек 7-8 жаста аяқталады. Пирамидалық жолдарында миелин қабығы жоқ болады. Нерв талшықтарының миелинденуі 1 жастың аяғында және баланың 2 жасында жоғары қарқынмен жүріп, 3-5 жасында аяқталады.

Қыртыстың жетілу және ганглилік ажыратылуы, пирамидалық жолдардың миелиндену процесі кезінде статикалық, моторлық функциялар дамиды: бала отыра бастайды, тұрады, жүреді, қозғалыстары неғұрлым дәл мақсатталған болады.

- Балаларда мидың қанмен қамтамасыз етілуі ересектерге қарағанда неғұрлым жақсы болады. Бұл ерекшелік капиллярлар торының байлығына және оның туғаннан кейін одан әрі дамуына байланысты. Мол қан жабдықталуы тез өсетін нерв тінінің оттегіге қажетсінуін қамтамасыз етеді. Бірақ диплоикалық веналардың тек еңбек қатайғаннан кейін пайда болғандықтан, қанның бас миынан ағып кетуі 1 жастан асқан балаларда қалыптасады. Сондықтан ерте жастағы балаларда әртүрлі инфекциялық аурулар кезінде бас миында токсикалық заттар мен метаболиттер жиналып, нейротоксикоздың оңай дамуына әкеледі.





- Туар алдында жұлын неғұрлым толық дамыған, қызмет ету жағынанда бас миына қарағанда жетік болады. Жас өскен сайын жұлын жоғары ығысады, жаңа туған балаларда оның төменгі сегменті ІІІ бел омыртқасының деңгейінде болып, кейін 4 – 5 жаста ересектердікіндей І – ІІ бел омыртқаларының арасында орналасады. Бұл мәліметтің спинальды пункцияны дұрыс өткізу үшін маңызы зор.

Дүниеге жаңа келген нәрестеде көптеген шартсыз рефлексстер байқалады. Оларды :

- 1) Тұрақты өмірлік автоматизмдер*
- 2) өтпелі (транзиторлы) примитивті рефлексстер*
- 3) кейіннен қалыптасқан рефлексстер*

- Бірінші топқа корнеальды, жұтқыншақ, жұтыну, конъюнктивальды, сіңірлік рефлексдер жатады. Екінші топқа оральды сегментарлы, спинальды сегментарлы, миелэнцефальды рефлексдер жатады. Үшінші топқа мезэнцефальды орнықтыру рефлекстері жатады.




Сегментарлы

авт...

- *Алақан – ауыз рефлексі (Бабкин рефлексі).* Үлкен саусақпен жаңа туған баланың алақанын басқанда, бала аузын ашып, басын иеді. Бұл рефлекс 2 айдан кейін әлсіреп, 3 айда жоғалады.



- ***Тұмсықтық рефлекс.*** Ерінді ақырын соққанда бала ерінін алдыға созып, шошайтып аузын ақырын ашады. 2 айда жойылады.



- ***Іздеу рефлексі (Куссмауль рефлексі)*** – Еріннің жан – жағын сипағанда бала басын тітіркендіру жаққа бұрып, аузын ашады. Бұл рефлекс тамақтандыру алдында айқын байқалады. 1 жасқа дейін сақталады.



- **Сору рефлексі.** Егер баланың аузына емізікті салса, белсенді сору пайда болады. 1 жастың соңында жоғалады.



Жұлын автоматикалық қимылдарының рефлекстері

Қорғану рефлексі – баланы етпетінен жатқызғанда басын жанына бұрып алады, 2-3 айға дейін сақталады.

Еңбектеу рефлексі (Бауэр рефлексі) – баланы етпетінен жатқызады, табанына алақан тигізіп басқанда бала алдыға ұмтылып, қолдарымен қимылдай бастайды, 4 айға дейін сақталады.



Ұстау рефлексі - саусақтарды баланың алақанына салып, басқанда ұстау қимылы пайда болады. Бұл рефлекті табанда да анықтауға болады. II – III башпайларды басқанда табанына қарай бүгіледі. 2 – 4 айында жойылып кетеді.

Галант рефлексі – қырынан жатқан баланың омыртқа маңы сызығы бойымен мойнынан құйрығына қарай үлкен және сұқ саусақтармен сызып жүргізгенде, баланың денесі артқа қарай доға тәріздес иіледі. 4 айында жойылады.



- **Перес рефлексі** - етпетінен жатқан баланың сегізкөзінен мойынына қарай омыртқа жотасы бойымен сызық жүргізгенде денесі иіліп, аяқ – қолдары бүгіліп, басы шалқайып, айғайлайды. Кейде кіші дәретке отыру, дефекация байқалады. Бұл рефлексті соңында тексереді, себебі ауырсыну шақырады. 4 айда жоғалады.

- **Керниг рефлексі** - шалқасынан жатқан баланың бір аяғын жамбас және тізе буындарында бүгіп, тізе буынын жазуға тырысады. Егер рефлекс оң болса тізе жазылмайды. 4 айдан кейін жойылады.



- **Моро рефлексі.** Бұл рефлекс әртүрлі әдістермен анықталады: аяғы мен денесінің төменгі жағын тез жоғары көтеру, бала жатқан жерді басынан 15 -20 см қашықтықта ұру, баланы қолға алып жылдам төмен түсіріп, қайтадан бұрынғы орнына әкелу. Бұндай әсерлерге жауап ретінде бала алдымен екі қолын екі жаққа жайып (I – саты), кейін тез қайтадан орнына әкеліп құшақтау секілді қимыл жасайды (II – саты). 4 айға дейін сақталады.



- **Бабинский рефлексі** – табанды сырт шетінен өкшеден саусақтарға қарай тітіркендіргенде, бас бармақ теріс және қалғандары табанға қарай бүгіледі, кейде желпуіш сияқты жазылады. 2 жасқа дейін сақталады.



- **Тіреу рефлексі** – баланы қолтығынан ұстап, вертикальды қойғанда аяқтары сәл бүгіліп үстел үстіне табанның бойымен тіреледі. 2 айда жоғалады.



- **Автоматты жүру рефлексі** – баланы аздап енкейткенде, үстел бойында қадам жасайды, қолдары қозғалмайды. 2 айда жойылады.



- **Мойынның симметриялық тоникалық рефлексі** – басын игенде аяқ – қолдың, әсіресе қолдардың бұлшықет тонусы жоғарылайды, басын шалқайтқанда – жазғыш бұлшықеттерінің тонусы жоғарылайды.

- **Мойынның ассимметриялық тоникалық рефлексі** - арқасынан жатқан баланың басын иығына бұрса, беті қараған жақтың аяқ – қолы жазылып, қарсы жақтың аяқ – қолы бүгіледі.



- **Жоғары Ландау рефлексі** – етпетінен жатқызған бала екі қолымен тіреп басын, тұлғасын жоғары көтереді. 4 айда қалыптасады.
- **Төменгі Ландау рефлексі** – етпетінен жатқан бала аяқын жақып, жоғары көтереді. Рефлекс – 5-6 айда қалыптасады



Қолданылған әдебиеттер

Тізімі

1. *Руководство по амбулаторно –
поликлинической педиатрии 2007*
г. А.А. Баранова
2. *Интернет желісі*
3. *Балалар аурулары
пропедевтикасы. Алматы – 2011.*
Шәкімова Г.Ә, Шабдарова С.К,
Дадамбаев Е.Т
4. *Балалар ауруларының
пропедевтикасы. 2009 жыл.*
Түсіпқалиев Б.Т.

